

Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынов) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса бейшара қазақменен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмәштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едік. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып кім көрінген созығалай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін білім кеңесі екеш білім кеңесі де мені аямады. «Етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туралы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» бірпәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазды да, міне, сені қазақыландырдық дейді. Жақын арада Қазалы дейтін қалада «кәператив күні» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебенге һәм ауылдарға арзан астық жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал билелдік жеккуле-кпл! Жоғарлатуна керекканунесамкдін арзандауығатауар-лердеесемен жегереуктабріңклаб».

Міне, жұртым, мені Қазалының «қазақыландырған-дағысы» осы! Жасаған-ай, о мұндайда қазақыландыру болады екен! Енді қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!...» деп билікте отырған Мыңбайұлынан қазақ тілінің жағдайын жақсарту туралы жазған мақаласы бүгінгі күнде мемлекеттік тілдің статусын көтеру туралы мәселемен сабақтастығын көруге болады.

Қорыта айтқанда Алаш зиялыларының барлығында Отандық тарихтың өзекті мәселелеріне арнап еңбектер жазып өз көзқарастарын білдірген.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т. 1. – 1998. – 512 б.
- 2 Тынышпаев М. Великие бедствия (Ақтабан шұбырынды). – Алматы, 1992.
- 3 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993.
- 4 Байтұрсынұлы А. Ақжол: өлеңдер мен тәржімелер публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 5 Қозыбаев М. Ахмет Байтұрсынов – XX ғасырдың ұлы реформаторы // Киелі тәуелсіздік / Құраст. І. М. Қозыбаев. – Алматы: Баспаларүйі, 2009. – 448 б.
- 6 Бөкейхан Ә. Таңдамалы: шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2003. – 224 с.
- 7 Бейсенбекова Н. А., Шотбакова Л. К., Смагулова Г. М. Әлихан Бөкейхан – ұлт мақтанышы. – Қарағанды: Гласир, 2016. – 198 б.
- 8 Міржақып Дулатұлы "Қазақ тілінің мұңы"

### ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН Б. И. ЯСЕНЕЦКИЙ ДІҢ ҚАРҚАРАЛЫ ЖЕРІНДЕГІ ІЗДЕРІ

Смагулова Г. М., т.ғ.к., профессор  
Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінде «Тоталитаризмнен зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері үшін қазақ жері құтты мекенге айналды. Ата-бабаларымыздан дарыған қайсарлық пен төзімділіктің арқасында қатаң сыннан абыроймен өтіп, біртұтас ұлт ретінде бірігуге мүмкіндік алдық», - деп атап өткен еді [1]. Бұл тарихи шындық. Тоталитаризм саясатынан зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері Қазақстан жеріндегі лагерьлерде «жазаларын өтеді». Босап шыққандардың кейбірі қазақ жерінде қалып қойды. Саяси қуғынға ұшырағандардың қатарында поляк ұлтының өкілі Богдан Ильич Ясенецкий де бар. Ол екі рет қуғынға ұшыраған адам.

Бірінші рет Б.И. Ясенецкий өзінің әйелімен Қарқаралыға 1930 жылы жер аударылып келген. Олардың жер аударылып келгендіктерін дәлелдейтін деректердің бірі өлкетанушы Ю.Г. Поповтың қолында сақталған, 2007 жылы 27 мамырда Черкасск мемлекеттік архивінен келген анықтама. Онда былай деп жазылған:

*«Сообщаем, что Ясенецкий Богдан Ильич-Людвигович (Людвигович-Ильич), 1873 г.р., уроженец г. Умань, из дворян, поляк, образование высшее агрономическое, беспартийный, до революции проживал в селе Краснополка Уманского округа, с 1918 г. проживал в г. Умань, с 1920 по 1928 г. педагог кооперативных курсов, до ареста безработный. Его брат Ясенецкий Генрих Ильич Людвигович (Людвигович-Ильич), 1880 г.р., окончил Киевский пединститут. До ареста учитель иностранного языка в штабе 297 полка. Оба арестованы 30 января 1930 г. Обвинялись по статье 54-10 УК УССР (антисоветская и контрреволюционная работа).*

*Постановлением ОСО при коллегии ГПУ УССР от 12 апреля 1930 г. Ясенецкий Б.И.-Л. выслан в Казахстан сроком на 3 года, а его брат выслан в Северный край тоже на 3 года. В деле 3920, фонда Р.-5625 имеются сведения о брате Кондрате и отце, архитекторе» [2, с.18].*

Екінші рет Б.И. Ясенецкий 1937 жылы 8 желтоқсанда Қарағанды облысы бойынша НКВД-ның шешімімен 10 жылға сотталады. Ол туралы кейінірек баяндаймыз. Алдымен Б.И. Ясенецкийдің екінші рет қуғын-сүргінге ұшырағанға дейінгі өмірінен қысқаша ақпарат берейік.

1930 жылы Қазақстанға жер аударылған Богдан Ильич үлкен қиындықтарға қарамастан өзінің жеке архивін Қарқаралыға алып келген екен. Сол архивтің ішінде Б.И. Ясенецкийдің жоғары білімі туралы диплом, оқытушы туралы куәлік тәрізді бірнеше құнды деректер болған. Ол деректер өлкетанушы Юрий Григорьевич Поповтың қолына түскен және ол туралы өлкетанушы бірнеше мақалалар, сондай-ақ «Поляки на улицах Каркаралы» деген кітабын жазған. Соңғы көрсетілген кітаптағы Б.И. Ясенецкийдің білімі туралы мына деректерді көрсетуді біз де дұрыс деп есептейміз [3, с.85-87]:

#### *ДИПЛОМ №143*

*Варшавские Высшие Агрономические Курсы при музее земледелия и промышленности дают настоящий диплом Богдану Людвиговичу-Ильичу Ясенецкому, римско-католического вероисповедания, родившемуся 10 декабря 1873 года, удостоверяя, что за время прохождения наук на курсах с августа 1901 года, г. Ясенецкий изучал следующие предметы: общее земледелие, частное земледелие, сельскохозяйственную и лесную ботанику, селекцию семян и опытное земледелие, организацию сельского хозяйства, луговодство, лесное хозяйство, садоводство, сельскохозяйственную зоологию, животноводство (общее и частное, включая пчеловодство и шелководство), молочное дело, сельскохозяйственную ветеринарию, рыбное хозяйство, сельскохозяйственную химию, землемерие, сельскохозяйственное строительство, машиноведение, сельскохозяйственную промышленность, сельскохозяйственную метеорологию, сельскохозяйственное законодательство, сельскохозяйственное счетоводство, кроме того участвовал во всех практических занятиях, установленных учебной программой.*

*Проявил специальный интерес в области разведения сельскохозяйственных животных. После испытаний по всем предметам, входящим в учебную программу, и по представлении отчета о прохождении годичной агрономической практики, г. Ясенецкому, согласно постановления Совета Профессоров, состоявшегося 10 июня 1905 года, присвоено звание агронома, в чем и выдано настоящий диплом за надлежащими подписями с приложением печати.*

*Г. Варшава, 17 июня 1905 года.*

\*\*\*\*\*

«Sredniaczkoła.  
Polska w Humanin.  
10/V 1919 г.

Удостоверение

*Выдано Богдану Людвиговичу-Ильичу Ясенецкому в том, что он состоит при Уманской средней Польской школе преподавателем пчеловодства и шелководства с 1912 по 1919 год.*

*Умань 10/5 1919*

*Представитель учителей Пекарский*

\*\*\*\*\*

Ученый комитет Украины  
Уманская филия  
Секретариат  
Января 13 дня 1925 г.  
Умань, Садовая, 8.  
Удостоверение

*Выдано настоящее удостоверение доктору сельскохозяйственных наук Богдану Людвиговичу Ясенецкому в том, что он с 13 ноября 1920 года по день ликвидации филии (13 января 1925 г.) непрерывно числился в составе ее членов как специалист при зоологической секции, что надлежащими подписями и приложением печати удостоверяя»*

*Председатель филии (подпись)*

*Ученый секретарь (подпись)*

*Деловод (подпись)*

Б.И. Ясенецкий ауылшаруашылық ғылымдар бойынша диссертация қорғаған, оның магистр (кандидат) дәрежесі бар. Өкінішке орай оның диссертация тақырыбы, қай жылы және қай жерде қорғандығы туралы мәлімет жоқ. Оны Б.И. Ясенецкий тағдырын зерттеген өлкетанушылар да растайды.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша маманданған, жоғары білімі бар Б.И. Ясенецкий Қарқаралы қаласындағы зооветтехникумда, сонымен бірге педтехникум мен мектептерде мұғалім болып жұмыс істеген. Онымен бірге інісі Г.И. Ясенецкий және әйелі В.Е. Ясенецкая да Қарқаралыдағы оқу орындарында жұмыс істегендерін дәлелдейтін құжаттар архив қорларында сақталған. Мысалы, Қарқаралы зооветтехникумында Ясенецкийлердің жұмыс істегендері туралы құжаттардың бірінде олар оқыған пәндер, білімі және бітірген оқу орындары тәрізді бірнеше мәліметтер көрсетілген 1937 жылғы дерек Қарағанды облыстық мемлекеттік архив қорында бар. Біз ұсынып отырған төмендегі мәлімет, сондай құжаттардың бірінен алынды [4]:

Қарқаралы зооветтехникумы оқытушыларының тізімі  
(20.05.1937 ж. мәлімет бойынша құрастырылған)

№	Аты-жөні	Оқыған пәні	Жылдық жүктеме (1936-37 оқу жылы)	Педагогикалық стаж	Білімі	Бітірген оқу орны және жылы	Партиялылығы	Туған жылы
1	Ясенецкий Богдан Ильич	Агрономия, жаратылыстану	1400 сағ.	32 жыл	Жоғары	Варшава ауыл шаруашылық институты, 1904 ж.	Партияда жоқ	1872 ж.
2	Ясенецкая Вера Евграфовна	География	480 сағ.	10 жыл	Аяқталмаған жоғары	Киевтің медицина институтының ІІІ курсы бітірген, 1913 ж.	Партияда жоқ	1891 ж.
3	Ясенецкий Генрих Ильич	Орыс тілі	916 сағ.	8 жыл	Жоғары	Киев университеті, 1913 ж.	Партияда жоқ	1886 ж.

**дерек:** ГАКО. Ф. 202. Оп.1. Д.1. Л.56


Мұғалім Б.И. Ясенецкийдің алдынан көптеген болашақ академиктер, мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен қоғам қайраткерлері білім алды. Атап айтқанда, академиктер Әбілқас Сағынов, Бахия Атшабаров, партия саласының қызметкерлері, аудандық партия комитетінің хатшылары – Тұрсын Төреғожин, Мыңжасар Әдекенов, Дмитрий Чернов және басқалары.

Социалистік Еңбек Ері, академик, Қарағанды политехникалық институтының ректоры болған Әбілқас Сағынов естелік кітабында өзі білім алған Қарқаралы педтехникумы және ондағы ұстаздар ұжымы туралы қызықты мәліметтер береді. Біз сол мәліметтердің арасынан Б.И. Ясенецкийге қатысты тұстарынан үзінді көрсетейік: «... В техникуме был довольно крепкий педагогический коллектив: математику вели Рахимбай Сапаков (он же был директором техникума) и Александр Петрович Назаров, биологию — Глеб Александрович Чередов, географию — Петр Петрович Белдыцкий, ботанику вел Богдан Ильич Ясенецкий, видимо сосланный откуда-то в Каркаралинск. В 1958 году, будучи в Каркаралинске и узнав, что он жив, я зашел к нему домой и представился. Прошло три десятка лет и он уже не помнил меня, при этом он даже оспаривал время своего переезда в город, однако женский голос из соседней комнаты поправил его, подтвердив мои данные. Б.И. Ясенецкий сделал многое по оказанию практической помощи сельским работникам своими профессионально грамотными советами. Очевидно, он был крупным специалистом своего дела...» [5, с.15].

1937 жылға дейін Б.И. Ясенецкий Қарқаралыда тек білімді мұғалім болып қана қоймай, сонымен бірге тарихи қаланың мәдени және қоғамдық өміріне белсенді араласумен көзге түскен. Тағы да өлкетанушылардың деректерінен үзінді келтірейік:

«Вот один из таких моментов – окружная сельскохозяйственная выставка, посвященная 15-летию Казахстана. Она прошла в сентябре 1935 года. Ясенецкий – один из активнейших учредителей этого мероприятия. Достаточно отметить, что на выставке работали 15 отделов: овцеводства, крупного рогатого скота, коневодства, верблюдоводства, козоводства, свиноводства, кролиководства, птицеводства, полеводства, огородничества, переработки сельскохозяйственной продукции, сельхозмашин, пушнины, сырья и ветеринарии. Для наглядных пособий отвели семь юрт. В них разместили плакаты, диаграммы, образцы зерновых культур и животноводческой продукции. Эту часть выставки готовили сотрудники техникума, в том числе и Ясенецкий, который, кроме этого, являлся и членом жюри. А посмотреть было на что. Чабан Тулекбаев из колхоза «Екпын» вырастил самого крупного барана весом 80 килограммов. Корова Газиза Иманова из «Бидаика» потянула 365 килограммов...» [3, с.89-90].

Өкінішке орай Б.И. Ясенецкий үшін Қарқаралыдағы жақсы күндері тез аяқталды. 1937 жылы жүрген жаппай қуғын-сүргінге Б.И. Ясенецкий де ілікті. Солақай саясаттың басты ұстанымы – «халық жауы» деген лақап тарату арқылы адамдарды жазалау, құрту еді. Осы саясатқа сәйкес құзырлы органдар Б.И. Ясенецкийді де қудалауға кіріседі. Әрине, айыптаудың бірнеше түрлері болған шығар. Бірақ біз білетін бір айыптың түрі көрсетілген құжат Қарағанды облыстық мемлекеттік архивінде сақтаулы тұр. Ол Б.И. Ясенецкий жұмыс істеген Қарқаралы зооветтехникумы комсомол комитетінің 1937 жылғы 10-шы маусымда қаралған күн тәртібінің хаттамасы. Онда сөз сөйлегендер Б. И. Ясенецкийді сабақ жүргізгенде ескі кітаптарды қолданатындығы және ескі әдістерді пайдаланатындығы, балаларға дұрыс баға қоймағаны туралы айтады. Сондай-ақ Б. И. Ясенецкийдің комсомолда, партияда жоқ екендігі айтылып, тағы кемшіліктерін көрсете отырып, педсоветте қарау керектігі туралы қаулы қабылдаған. Латын графикасымен қазақ тілінде жазылған ол хаттама біз үшін маңызды дерек болып табылады. Төменде сол құжаттың екі беті ғана ұсынылып отыр.



Дерек: ГАКО. Ф.202. Оп.1. Д.1. ЛЛ.28,30

Басқа да айыптар тағылып, Б.И. Ясенецкий 10 жылға сотталды. Оны Коми АССР-не қарасты Ухта жұмысшылар поселкесіндегі лагерьде өтеп шыққан. Б.И. Ясенецкийдің аталған лагерьде болғандығын анықтау мақсатында өлкетанушы Ю.Г. Поповтың 2007 жылы Ресей Федерациясына қарасты Коми Республикасының Ішкі істер министрлігіне жолдаған хатына мынадай анықтама келген [3, с.95-96].

*«Ясенецкий Богдан Ильич-Людвигович, 1873 г.р., поляк. До ареста проживал в г. Каркаралинске, работал в качестве агронома... 20 мая 1938 года из тюрьмы г. Алма-Аты прибыл в Ухтпечлаг НКВД. Находился в подразделениях: Котласская база, п/п Вогваздино, Усть-Вымская база, ОЛП №7, ОЛП №12.*

*Освобожден 2 апреля 1947 года, убыл в г. Каркаралинск. О сфере деятельности Ясенецкого Б.И. в местах лишения свободы сведений нет. Архивное личное дело уничтожено в 1958 году по истечению срока хранения...*

*Находясь в заключении, Богдан Ильич и здесь проявил свои лучшие качества: честность и добросовестность.*

*СПРАВКА. Выдана настоящая агроному ЯСЕНЕЦКОМУ Богдану Ильичу в том, что он с 1940 г. по 2/IV-1947 года работал в подразделении Управления И.Т.Л. АО/12 МВД в качестве научного сотрудника. На этой работе Б.И. ЯСЕНЕЦКИЙ показал себя как весьма полезный, старательный, трудолюбивый и знающий свое дело агроном.*

Лагерьдегі жылдарында да Богдан Ильич өзін жақсы жақтарынан көрсеткендігі және оның ғылым қызметкер болғандығы туралы жоғарыдағы анықтамада жазылған. Одан басқа И.Б. Ясенецкиймен лагерьде жазасын бірге өтеген Юрий Иванович Чирковтың «А было все так ...» деген кітабының «Земля Ухтинская» деп аталатын екінші тарауында ол туралы жақсы естеліктер берілген. Бұл кітап Интернет желісіндегі Сахаров орталығының сайтында тіркелген – <https://www.sakharov-center.ru/asfcd/auth/?t=page&num=2380>. Онда Б.И. Ясенецкийге байланысты мынадай мәліметтермен танысуға болады:

233-ші бет: «... Богдан Ильич и жил в предбаннике. За печкой хранились его вещи. Спал он на лавке, в банные дни следил, чтобы в предбаннике не было краж, боролся со вшами, а в небанные дни предбанник становился клубом. Посещали его преимущественно поляки, чехи, прибалты. Беседовали в основном на отвлеченные темы. Не то что в палатке, где говорили только о еде, о вшах, о холоде...»;

235-ші бет: «...«Клуб» Богдана Ильича был единственным местом, где, несмотря на всеобщую тоску, голод, опущенность, царил бодрый дух и живая мысль. Я рассказал о знакомстве с украинскими неоклассиками, что вызвало оживленную дискуссию по проблемам развития украинской литературы. Богдану Ильичу, родиной которого была Винница, близко и любимо все украинское, но... в польском преломлении. Когда он читал поэму Винсента Поля «Песнь о земле нашей», где описывались особенности всех земель польских «от можа до можа», то есть от Балтийского до Черного моря, голос его звучал особенно тепло в стихе об Украине:

*Без опоры око згине*

*В пограничной Украине.*

*Он прекрасно знал историю Польши и Украины, но излагал ее в другой трактовке...»;*

279-бет: «... Планировались ежегодно две экспедиции по рекам в июле — августе.

Под это предполагалось дополнить штаты, включив:

1. профессора Ясенецкого Богдана Ильича — агрометеорологом,

2. Флоринского Льва Андреевича — техником-гидрологом,

3. Смирнова — техником-гидрологом...»;

286-бет: «... Иногда с Богданом Ильичом мы навещали «клуб старых дам». Он подкручивал «польски вонсы» (польские усы), целовал дамам ручки, рассказывал забавные истории из своей длинной жизни. Ему было уже 70 лет, но он был бодр, весел и силен. Мог поднять четырехпудовый мешок картофеля и выйти с ним по лесенке из подвала ...» [7].

Ю.И. Чирковтың бұл естелігі де Богдан Ильичтің бірнеше қырын ашып көрсетеді.

Богдан Ильич Ясенецкий өз мерзімін толық өтеп, 1947 жылы Қарқаралыға қайтып оралады. Бұл кезде оның жасы 75-те болатын. Сталиндік лагерьлер бұл адамның ерік жігерін сындырмады, керісінше оны тек қана нығайта түскен еді. Ұлғайған жасына қарамастан жұмысқа кірісті. Қуғын-сүргінге дейін өзі жұмыс істеген Қарқаралы зооветтехникумына мұғалім болып қайтып оралды, лабораторияларға көмектесті, Қарқаралының қалалық саябағында еңбек етті. 1955-1956 жылдардың аралығында саябақтың меңгерушісі болды. Оның жоспарымен суару арықтары салынып, ағаштар мен бұталар егілді. Осы жерден Б.И. Ясенецкий зейнеткерлікке шықты. 1957 жылы 26 қыркүйекте толықтай ақталды [8].

Тағы бір қызықты естеліктің авторы зооветтехникумның 1971 жылғы түлегі, бүгінде Ақадыр кентінің ардагер малдәрігері Зекен Әбілұлы. Ол Б.И. Ясенецкий туралы төмендегідей естелігімен бөліседі:

«Мыңжасар Әдекеновтың Богдан Ясенецкиймен түскен суреті маған 1965 жылдың күзгі уақытын есіме түсірді. Еске түскен жағдай Кенжекең (Кенжегүл Тышқанбаевты айтып отыр – авт.), менің қай көшеде тұратынымды сұрады. Мен, М. Ауезов 5-те

тұрамын дедім, онда сабақ біткен соң, маған жолық, саған бір тапсырма берем деді. Сабақтан кейін ол кісіге бардым. Ол кісі, бір парақ қағазға жазылған адресіті көрсетті де, таңертең ерте бармасаң ұстай алмай қаласың, сондықтан сағат таңғы 7-де сонда бол деді.

Мен ертеңгі күні, таңды күтпей, кешкі асымды ішкеннен кейін, жазылған мекен-жайды іздеп бардым. Ұмытпасам ол көше сол кезде Заречная деп аталатын.

Суреттегі шарбақ кигіз үйдің керегесі сияқты айқыш-ұйқыш безендірілген ит тұмсығы өтпейтіндей, адам бойынан биік, ішіндегі көріністер көзге ілікпейтіндей, әдемі бір табиғи шөппен көмкерілген қорған сияқты. Мен айналшықтап біраз жүрдім, ішіне кіруге батылым жетпеді. Өйткені, шарбақтың ішінде бос жүрген, екі ит кіргізетін емес. Бір кезде қарсы үйден, бір орыс кемпірі қоқыс суын төгуге шықса керек, мен келген кісімнің үйі осы ма деп сұрадым.


Ол: Иә, осы үй, бірақ бұл кісі күндіз кейде болмайды. Ерте кетіп, кеш келеді. – Богдан Ильич қарап отырмайтын адам, үйінде болса, есік алдында жұмыс істеп жүреді. Бүгін көрінбеді, мүмкін тауға кеткен шығар, бірақ қонаға міндетті түрде келеді,- деген соң біраз тостым да, әйтеуір таптым ғой таңның ертесінде келейін деген оймен, өзім жататын үйіме қайттым. Қаланы жарып ағатын өзеннің бастауы тау жақтан болатын, жергілікті тұрғындар «Каркаралинка» деп атайды. Сол өзеннен өту үшін, екі-үш тақтайдан құралған көпір болатын, содан өтіп келе жатсам, қарама-қарсы жақтан, қолында таяғы, иығына асып алған дорбасы бар егде тартқан орыс шалы өтті. Мен сығылысып жол беріп өткізіп жібердім де, жазаға шыққан соң, ә осы шал емес пе мен іздеп жүрген жан деп ойландым. Не де болса таңертең көремін деген оймен үйіме келіп, осындай шал барма деп сұрадым. Ана мен ағада иә анау поляк шал ғой деді қосарласып, өзеннің әр жағында тұрады деді. Үй иелері, осы Қарқаралының жергілікті тұрғындары, техникумға тақау, 5-6 минутта жетіп барамын. Мен бұл кісілердің отбасының бір мүшесіндей болып кеттім. Бұл жөнінде кейін келтірермін.

Богдан Ильичке ерте бардым, ол кісіді есік алдындағы екпелерін реттеп жүр екен. Рұқсат сұраған маған, бұл кім ертелетіп жүрген дегендей одырайып қарады. Кешегі көпірде кездескен шал алдымда тұр. Богдан Ильич, мені Сізге Кенжеғұл Тышқанбаевич жіберіп еді, міне хаты деп қолымдағы қағазды ұсындым да, өзім маңайыма зер салып, көз тастап шолып өттім. Шалдың тиянақтығына риза болып, бау-бақшасын аралап көрер ме едім деген оймен Богдан Ильичтың бетіне қарадым. Ол кісі Кенжекеңнің жазғанын әлі оқып тұр екен. Сәлден соң басын қағаздан алды да маған жүр деген белгі беріп үйге қарай аяңдады. Үйге кірген соң мені отырғызып қойып, төр жақта күбірлесіп, біреумен сөйлескендей болды. Менің онда не шаруам бар. Біраз уақыттан кейін, қолында газетке оралған затты тапсырып тұрып айтқаны «өзім барып алам» дегендей болды. Ораманы ала салып кетпекші болып едім, «ей бала, нан ауыз ти», - деді қазақша. Мен таң қалып рақмет айтып шығып кеттім. Бағанадан бері жаман орысшаммен шүлдіргенше, қазақша «Ассалаумағалейкум» деп амандасып қазақша неге тілдеспедім деген оймен бірден техникумға тарттым. Келсем Кенжекеңде өзінде екен, тапсырмасын орындағанымда ол кісіді маз, орауды алды да ішіндегі жазбаны оқып бір мырс етіп күліп алып, маған рақмет айтып, сенімді адам екенсің, әр қашан осындай бол деп шығарып салды.

Богдан Ильич Ясенецкийдің техникумда сабақ бергенін мен білмеймін. Оны мен тек осы Болат Серікбаевтың мақаласы (Тарихы шежірелі шырайлы шаңырақ // Орталық Қазақстан. – 2021. – 30 наурыз (№33)) арқылы ғана біліп танып отырмын. Басынан неше түрлі қиындықтарды өткізген адамдар өте сақ болады ғой. Мен көргенде ол кісі жетпіске келіп, не содан асқан кезі болса керек...» [9].

Б.И. Ясенецкийдің есімі мұғалім, ауыл шаруашылығы саласының білікті де бірегей маманы ретінде ғана емес, өлкетанушы ретінде де танымал болды. Ол Қарқаралы өңірінің қоршаған ортасы, орман-тоғайы және оларда мекендеген құстар мен аңдар туралы арнайы зерттеулер жүргізген. Олардың аттарын жеке-жеке қағазға түсірген және жинақтаған мәліметтерді басқа өлкетанушылармен де бөлісіп отырған. Сол өлкетанушылардың бірі,

Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізін қалауға ат салысып, оның бірінші басшысы болған Леонид Федорович Семенов. Б.И. Ясенецкий және оның жұбайы Вера Евграфовна Ясенецкая Л.Ф. Семеновпен тығыз араласқан. Қарағанды облыстық архивінде Л.Ф. Семеновтың жеке қоры бар. Аталған қорда көптеген құнды деректер сақталған. Солардың ішінде Ясенецкийлермен жазысқан хаттары құнды дерек болып есептеледі. Төменде Б.И. Ясенецкийдің өз қолымен жазған хаты түпнұсқа түрінде беріліп отыр [10]



дерек: ГАКО. Ф.1363. Оп.1. Д.50. Л.1

Хаттың келесі бетінде 47 құстың және бауырмен жорғалаушылар, кемірушілер мен андардың 28 түрінің аттары және оларға қысқаша сипаттама берілген. Мысалы, «... 16. Ласточка (один вид) деревенская. За много лет два раза прилетали в Каркаралинск одна-две парочки; 17. Сова – несколько видов и филин. Все полезны, кроме филина; 27. Белки (привезены сюда лесничеством в 1935 году); 28. Медведи были в горах, но ушли из-за больших лесных пожаров лет пятьдесят тому назад. В долине Кендары гора Аю – Шат» [10].

Б.И. Ясенецкийдің негізгі мамандығы агроном. Ол осы мамандықты теориялық түрде ғана емес, іс жүзінде өзін білгір кәсіби маман ретінде Қарқаралы жерінде бірнеше мәрте танытқан. Тағы да деректерді сөйлетейік: «... агроном Ясенецкий Б.И. доказал, что в Каркаралинском округе могут давать урожаи разные овощи, даже новые сорта американского картофеля – топинамбура и другие. За свою деятельность Б.И. Ясенецкий награжден похвальным листом...» [11]. Бұл дерек облыстық архивтегі өлкетанушы Л.Ф. Семеновтың жеке қорындағы істе сақтаулы.

Қорыта келе, Қарқаралы тарихында Б.И. Ясенецкийдің есімі ауыл шаруашылығы саласының білікті де бірегей маманы ретінде ғана емес, оны мұғалім, өлкетанушы, археолог, этнограф, емші ретінде танымал тұлға деп айтуға болады. Украина жерінде туған поляк ұлты өкілінің бүкіл саналы ғұмыры мен өмірі қазақ жерінде, Қарқаралы қаласында өтті. «Мемлекеттік қылмыскер» атанған адамды қазақ елі мен жері бір емес екі рет пана қылды. Мәңгілік үйі де Қарқаралы қаласында. Қайтыс боларының алдында Богдан Ильич әйелі Вера Евграфовнаға: «Мені мұсылман салтына сәйкес мұсылман зиратына жерле», - деп өсиет етеді. Ол 1968 жылы 27 маусымда қайтыс болды. Богдан Ильич Ясенецкий өз өсиеті бойынша Қарқаралы қаласындағы мұсылмандар зиратына жерленді. Оның басына қойған құлпыстақта былай деп жазылған: «Богдан Ильич Ясенецкий, ұлты поляк, 1873 ж.т., 1968 ж. 27.ҮІ – де. Ол біздің қазақты ес тұтып, өз тілегімен келіп, паналап жатқаны туралы. Бұған да Алладан жақсылық болсын. Ескерткіш құдай үшін қазақтан». Осылайша Қарқаралы жерінде өшпейтін ізін қалдырған Богдан Ильич Ясенецкийге осы жердің топырағы бұйырды, өңірге және ондағы халыққа көрсеткен қызметі, алдында оқыған, шәкірттерге берген білімі үшін қарқаралылықтар оның басына ескерткіш қойды.

«Қалдырған ізін мәңгілік, жадымда тұрар жаңғырып» деген өлең жолдары Богдан Ильич Ясенецкий сияқты тұлғаларға арналғандай. Оның ізі Қарқаралы тарихында мәңгіге сақталатыны хақ.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуі. 2020 жылғы 29 мамыр [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/akorda\\_other\\_events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/akorda_other_events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-sayasi-kugyn-surgin-zhane-asharshylyk-kurbandaryn-eske-alu-kunine-orai-undeui)

2 Попов Ю.Г. Из далеких встреч: Каркаралинские краеведы Ясенецкие // Алматы́ски Kurier Polonijny. – 2020. - №1(29). – С.18-25.

3 Попов Ю.Г. Поляки на улицах Каркаралы. Записки краеведа о людях польской национальности, занесенных судьбой в Центральный Казахстан. – Караганда: Изд-во «G», 2020. – 180 с.

4 ГАКО. Ф. 202. Оп.1. Д.1. Л.56.

5 Сагинов А.С. О пройденном пути. Воспоминания. – Алматы: «Ғылым», 1996. - 320 с.

6 ГАКО. Ф.202. Оп.1. Д.1. ЛЛ. 28, 30.

7 Чирков Ю.И. А было все так ... / предисл. А. Приставкина. - М. : Политиздат, 1991. - 382 с. Электронная версия <https://www.sakharov-center.ru/asfcd/auth/?t=page&num=2380>

8 <https://base.memo.ru/person/show/3036301>

9 Дерек «Қарқаралы ауылшаруашылық колледжі» КМҚК архивінен алынды.

10 ГАКО. Ф.1363. Оп.1. Д.50. ЛЛ.1-2.

11 ГАКО. Ф.1363. Оп.1. Д. 13. Л.8

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭТНИКАЛЫҚ РЕПАТРИАНТТАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕГРАЦИЯЛАУДА ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ж.Т.Ныгметова, докторант

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қарағанды, Қазақстан